

ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны
үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК
Байқау кеңесінің 2024 жылғы 8
ақпандағы №_2024/01-1(о) шешімімен
«Бекітілді»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ішкі аудит қызметі туралы 2021 жылғы 9 қарашадағы № 5 ережеге өзгерістер енгізу туралы

БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Байқау кеңесінің 2021 жылғы 9 қарашадағы №5 шешімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ішкі аудит қызметі туралы Ережеге (бұдан әрі – ІАҚ туралы Ереже) мынадай өзгертулер енгізілсін:

16-тармақта:

12), 14) тармақшалары алынып тасталсын;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«24. ІАҚ басшысы мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) экономика және қаржы және (немесе) бухгалтерлік есеп, аудит саласындағы жоғары кәсіптік білімі;

2) аудит, бухгалтерлік есеп және (немесе) қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі – кемінде 5 (бес) жыл;

3) басшы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі-кемінде 3 (үш) жыл;

4) Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарын, Халықаралық аудит стандарттарын (ХАА) білуі;

5) мынадай куәліктердің немесе сертификаттардың біреуінің болуы: ішкі аудит саласындағы CIA (Certified Internal Auditor) сертификаты және (немесе) ACCA (Association of Certified Chartered Accountants) алқаби бухгалтер сертификаты және (немесе) DipIFR (рус) дипломы (Diploma in International Financial Reporting) және (немесе) халықаралық кәсіби бухгалтер сертификаты CIPA (Certified International Professional Accountant) немесе CIPFA public auditor (Chartered Institute of Public Finance and Accountancy Public Auditor), ұқсас халықаралық танылған куәлік немесе сертификаттың болуы;

б) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді білуі.

ІАҚ қаржы аудиторы мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) экономика және қаржы, бухгалтерлік есеп және (немесе) аудит саласындағы жоғары кәсіптік білімі;

2) аудит, бухгалтерлік есеп және (немесе) қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі – кемінде 3 (үш) жыл;

3) Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарын, Халықаралық аудит стандарттарын (ХАА) білуі;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді білуі.

Аудит, есеп және қаржы менеджменті саласында сертификаттың және (немесе) біліктіліктің болуына жол беріледі.

ІАҚ клиникалық аудиторы мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) жоғары медициналық білімі;

2) денсаулық сақтау ұйымдарында, оның ішінде медициналық қызметтер көрсету саласында бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау органдарында жұмыс тәжірибесі және (немесе) медициналық ұйымдарда клиникалық жұмыс тәжірибесі кемінде 5 (бес) жыл;

3) «Денсаулық сақтауды ұйымдастыру», «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтары бойынша жоғары (бірінші) біліктілік санатындағы сертификаттың болуы»;

4) ғылыми дәреженің болғаны жөн;

5) екінші жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімнің болғаны жөн;

б) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде медициналық аудит және медициналық қызметтер сапасын бақылау мәселелері бойынша, Медициналық ұйымдарды аккредиттеудің ұлттық стандарттарын, халықаралық аккредиттеу комиссиясының - Joint Commission International (JCI) стандарттарын білуі.»;

25-тармақтың 8) тармақшасы алынып тасталсын;

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. ІАҚ басшысы мен қызметкерлерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған кездегі іс-әрекеттер»;

26, 27 және 28-тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«26. ІАҚ басшысымен және қызметкерлерімен еңбек қатынастарын Байқау кеңесінің бастамасы бойынша не басшының немесе қызметкердің бастамасы бойынша бұзу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген еңбекті реттеу ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. ІАҚ басшысының немесе қызметкерінің бастамасы бойынша еңбек шарты бұзылған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген жағдайларды

қоспағанда, жұмыс берушіні кемінде бір ай бұрын жазбаша ескертуге тиіс. Көрсетілген мерзім ішінде ІАҚ басшысының немесе қызметкерінің өкілеттігін тоқтату туралы мәселе белгіленген тәртіппен Байқау кеңесінің қарауына шығарылады.

27. ІАҚ басшысының өкілеттігін тоқтату туралы мәселе Байқау кеңесінің қарауына шығарылған кезде ІАҚ басшысы міндетті түрде ІАҚ-тың ағымдағы жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес ІАҚ-тың атқарылған жұмысы туралы есепті дайындап, отырысқа шығаруға тиіс.

ІАҚ атқарған жұмысы туралы есепті қарау нәтижелері бойынша Байқау кеңесі бағалау жүргізеді, ал қажет болған жағдайда ІАҚ жұмысын ағымдағы жылға арналған ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен түзетеді.

28. ІАҚ басшысының немесе қызметкерінің өкілеттігін тоқтату туралы БКшешімі шығарылған жағдайда, қараудағы құжаттарды, сондай-ақ ІАҚ-да сақтауға жататын номенклатура бойынша құжаттарды қабылдау-тапсыру актісі жасалады. Қабылдау-тапсыру актісі бойынша көрсетілген құжаттар ІАҚ жаңа басшысына немесе қызметкеріне (ол тағайындалған жағдайда) қол қойғызып беріледі.

ІАҚ қызметкерлері болмаған кезде қабылдау-тапсыру актісі бойынша құжаттар БК хатшысына қол қойғызып беріледі.»;

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. ІАҚ-тың Байқау кеңесімен қарым-қатынасы Байқау кеңесіне тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат берумен байланысты ІАҚ-ның негізгі рөліне негізделуі керек.»;

46, 48-тармақтар алынып тасталсын;

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Орталықтың ІАҚ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ішкі аудит департаментіне өз қызметі туралы есептерді мынадай мерзімдерде ұсынады:

- 1) тоқсандық-есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 20-күніне дейін;
- 2) жылдық-есепті жылдан кейінгі жылдың 5 қаңтарына дейін.».